



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»**

студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»**

**PROCEEDINGS**

of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»**



14<sup>th</sup> April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»  
студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS  
of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2017»**

**2017 жыл 14 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2017

предпринимателей, общественных организаций предпринимателей и других, кого непосредственно затрагивают эти законы.

#### **Список использованных источников**

1. Белых В.С. Правовое регулирование предпринимательской деятельности в России. - М.: ТК Велби, Изд-во Проспект, 2005. - 432 с.
2. Игнатьева С.В. Совершенствование законодательства, регулирующего предпринимательскую деятельность. / С.В. Игнатьева // Вестник Санкт-Петербургского университета МВД России. – 2012. - №2. – С.82-86.
3. Кутюков Д. В. Законодательство Российской Федерации о предпринимательстве [Текст] // Право: история, теория, практика: материалы Междунар. науч. конф. (г. Санкт-Петербург, июль 2011 г.). — СПб.: Реноме, 2011. — С. 85-88.
4. Малышев О.М., Соломонов А.П. Развитие предпринимательства в современной России: проблемы и перспективы// О.М. Малышев, А.П. Соломонов. - Социально-экономические явления и процессы. - №6. – 2010. – С. 135 – 140.
5. Попондопуло В. Ф. Предпринимательское законодательство и проблемы его совершенствования [Текст] / В. Ф. Попондопуло.// Бизнес, менеджмент и право. -2006. - № 3. - С. 19 – 23
6. Потапенкова Т.А. Важнейшие направления совершенствования правового регулирования малого и среднего предпринимательства / Т.А. Потапенкова// Российская юстиция. – 2011. - №4. – С. 20-22.

УДК 349.6

### **МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚОЛАЙЛЫ АЙНАЛАДАҒЫ ОРТАНЫ ҚОРҒАУ МАҚСАТЫМЕН ОНЫҢ SMART ASTANA КОНЦЕПЦИЯСЫ АЯСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ**

**Каирбаева Назгуль Алтынбековна**

[nazgulya-5@mail.ru](mailto:nazgulya-5@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰҰ Заң факультетінің 2 курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – С.Г. Кожаметова

Қазақстан Республикасының Ата заңы Конституциясының 31-бабындағы «Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды» деген заңнамалық норма адамдардың қолайлы айналадағы ортаға құқығын бекітеді. Еліміздің басты заңында көрініс тапқан адамдардың қолайлы айналадағы ортаға құқық конституциялық құқық мәртебесіне ие бола отырып, бұл құқыққа сәйкес ҚР Конституциясының 38-бабында ҚР азаматтарының табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарау міндеті де бекітілген [1, 10 б.].

Ресей ғалымы С.А.Боголюбов атап өткендей, азаматтардың экологиялық құқықтарына өз ойларын айту мүмкіндігі, мемлекеттік органдарға қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша өтініштер мен шағымдарды құрайтын хаттарды жіберуге және олардың қарастырылуын талап ету жатады [2, 61 б.].

«Қолайлы айналадағы орта» дегеніміз не? Нормативтік тұрғыда бұл сұраққа 2007 жылдың 9 қаңтарында қабылданған ҚР Экологиялық кодексі жауап бере алады: қолайлы қоршаған орта – жай-күйі экологиялық қауіпсіздікті, және халықтың денсаулығын сақтауды, биологиялық әртүрлілікті сақтауды, ластануды болғызбауды, экологиялық жүйелердің тұрақты жұмыс істеуін, табиғи ресурстарды молықтыруды және тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін қоршаған орта (1-бап, 37 тармақ).

Қолайлы айналадағы ортаға құқық – өмір сүруге құқық сияқты адамдардың басты және табиғи құқықтардың бірі, сондықтан оны конституциялық, халықаралық, азаматтық және экологиялық құқық нормаларын біріктіретен кешенді құқықтық институт деп түсіну

керек. Аталмыш құқықты қалыптастыруда халықаралық заңнамада да, ұлттық заңнамада да адам құқықтары саласындағы халықаралық шарттар үлкен рөл атқарды. Мысалы, БҰҰ 1948 жылы 10 желтоқсанда қабылданып, Қазақстанда 1991 жылы ратификацияланған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 25-бабында: «әр адам өзінің және отбасы мүшелерінің денсаулығын, әл-ауқатын қамтамасыз ететіндей өмір сүру деңгейіне құқылы» екендігі туралы айтылады [3].

Ал БҰҰ-ның 1967 жылғы Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактінің 12-бабына сәйкес, Пактіге қатысушы мемлекеттер әрбір адамның тәндік және психикалық саулығының ең жоғары деңгейіне қол жеткізу құқығын таниды. 1998 жылы 25 маусымында Данияның Орхус қаласында БҰҰ-ның Еуропалық Экономикалық Комиссиясының «Ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы» Конвенция (Орхус Конвенциясы) Қазақстанда 2000 жылы бекітіліп, оның басты мақсаты адамның денсаулығы мен әл-ауқатына қолайлы қоршаған ортаға құқықтың қорғалуын қолдау болды. Сонымен қатар, 1972 жылғы БҰҰ-ның Стокгольмдегі қоршаған орта туралы Декларациясы, Тұрақты даму бойынша 2002 жылғы Йоханнесбург Декларациясы, БҰҰ-ның Тұрақты даму бойынша РИО +20 2012 жылғы Конференциясының Декларациясы сияқты маңызды халықаралық құжаттарда қоршаған ортадағы өмір сүру үшін қолайлы жағдайларға құқық басты құқық ретінде бекітіліп, Қазақстанда бұл құқықтың дамуына бұл құжаттар халықаралық тәжірибе іспеттес болды.

Қазіргі уақытта экологиялық қауіпсіздік пен қолайлы қоршаған ортаны қамтамасыз ету мәселелері қарастырылған мемлекеттік концепциялардың бірі - Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға көшуі жөніндегі тұжырымдама. «Жасыл» экономика – бұл халықтың өмір сүру деңгейі жоғары, болашақ ұрпақтың мүддесінде табиғи ресурстар ұқыпты әрі ұтымды пайдаланатын және ел қабылдаған халықаралық міндеттемелерге сәйкес табысты экономика. «Жасыл» тұжырымдамаға сәйкес, еліміз неғұрлым дамыған 30 елдің қатарына қосылу үшін алға қойған міндеттердің бірі халықтың әл-ауқатын арттыру және қоршаған ортаның ластануын азайту және халық арасында қоршаған ортаға ұқыпты қарау мәдениетін таратуды ынталандыру болды. Бұл тұжырымдамаға бойынша қолайлы қоршаған ортаға адамдардың құқығы жаңа эко-мәдениеттің қалыптастырылуымен жүзеге асады.

Қолайлы айналадағы ортаға адамдардың құқығының республика бойынша іске асырылуы әрбір облыста және қалаларда ерекшеленеді. ҚР 2001 жылғы 16 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңының 2-тарауы «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін жүзеге асырған кезде мекендейтін және тіршілік ететін қолайлы ортаны қамтамасыз етуге» арналған. Аталмыш тараудың 7-бабына сәйкес, азаматтардың қала құрылысы талаптарына, экологиялық және санитариялық-гигиеналық қауіпсіздік нормаларына және жергілікті жердің инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу деңгейіне сәйкес елді мекеннің аумағы шегінде осы мекенге қатысты мекендеу мен тіршілік етуге қолайлы қолжетімді ортаға, демалу мақсаттарына арналған және тиісті емдік және санитариялық-гигиеналық жағдайлары, оқу-ағарту, мәдени-бұқаралық, спорт-сауықтыру және ойын-сауық іс-шараларын қоса алғанда, бос уақытты өткізу жағдайлары, саяжайлық, бағбандық және бақшалық учаскелерді орналастыру мүмкіндігі бар, табиғи-климаттық жағдайлары мен ландшафты мейлінше қолайлы рекреациялық аумақтарды бөлу арқылы демалуға құқығы бар.

Ал заңның 9-бабы бойынша, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі оның қоршаған ортаға әсерін бағалауды ескере отырып ҚР Экологиялық кодексінде белгіленген объектілердің жіктелуіне сәйкес жүзеге асырылуға және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, экологиялық қауіпсіздік пен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды көздеуге тиіс.

Тұрғын аймақ жеке тұрған және тұрғын үйлерге жапсарластыра салынған медициналық қызмет көрсететін, әлеуметтік-тұрмыстық және мәдени-ағарту мақсаттарына

арналған объектілермен, инженерлік және көлік инфрақұрылымы объектілерімен қамтамасыз етілуге тиістігі де нормативтік тұрғыда реттелінеді. Тұрғын аймақ көлік құралдарына арналған тұрақтармен және орынтұрақтармен, пәтерлердің санына сәйкес қажетті орынтұрақ алаңымен, балалар және спорт алаңдарымен қамтамасыз етілуге тиіс [4].

Қолайлы айналадағы орта елді мекендердің аумағында функционалдық аймақтардың қалыптасуымен қамтамасыз етіледі. Мысалы, рекреациялық аймақтар халықтың демалыс орындарын ұйымдастыру мен жайғастыруға арналған және бақтарды, орманды парктерді, парктер мен саябақтарды, хайуанаттар парктерін, су тоғандарын, жағажайларды, аквапарктерді, ландшафтық сәулет объектілерін, өзге де демалыс және туризм орындарын, сондай-ақ бос уақытты өткізу және сауықтыру мақсатындағы үйлер мен ғимараттарды қамтиды.

Елордамыз Астана қаласында қолайлы айналадағы ортаға конституциялық құқықтың жүзеге асырылу деңгейін Астана қаласының бас жоспарының іске асырылуы мен қазіргі уақытта заманауи концепция Smart Astana-ның енгізілуімен түсіндіруге болады. ҚР Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы Қаулысы негізіндегі Астана қаласының бас жоспары қала тіршілігінің қолайлы ортасын құру және оны орнықты дамыту, экологиялық қауіпсіздікті, табиғат пен мәдени мұраларды сақтау мақсатында Астана қаласының қала құрылысын дамытуды жоспарлаудың негізгі құжаты болып саналады. Бас жоспарға сәйкес Астана қаласының аумағы функционалдық және қала құрылысы аймақтарына бөлініп, оның ішінде қолайлы айналадағы ортаны қалыптастырушы бірден-бір фактор рекреациялық аймаққа қалалық ормандар, орманды парктер, орман қорғау аймақтары, су айдындары, бақтар, гүлзарлар және желекжолдармен бірге ашық кеңістік жүйесін қалыптастыратын өзге де алқаптар жатады. Осылайша, аумақты ландшафты-рекреациялық ұйымдастыру Астана тұрғындары үшін жағымды табиғи және экологиялық жағдайларды, қолайлы өмір сүру жағдайларын қамтамасыз етеді. Аталмыш рекреациялық инфрақұрылымды дамыту мақсаттарының бірі елордада рекреациялық аймақтардың туризм саласына қызмет етуін қалыптастыру болып табылады [5].

Астана қаласының бас жоспарымен қатар, әлемдік прогрессивті даму процесіне ұласу мен бәсекеге қабілеттілікті арттыру қағидасын орындау мақсатында 2013 жылдың 22 сәуірінен бастап «Астана қаласының әлемнің «50 ақылды» қалалары рейтингіне енуі бойынша шараларды жоспарын әзірлеудің қажеттігі туралы» тапсырмасы бойынша Жол картасы шеңберінде жүзеге асырылатын астананың тұрақты даму тұжырымы – Smart Astana (Ақылды қала) қолға алынды. Астана қаласының 15 жылдығында 2013 жылы ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Астана – Қазақстанның инновациялық жүрегі» деп атап кеткендей, «Ақылды қала» тұжырымының басты мақсаты – халық өмірінің сапасын, әл-ауқатын арттыру, инфрақұрылым мен қоғамдық қауіпсіздік деңгейін жақсарту мен жаңарту.

Ақылды қала тұжырымы әлемде кең өріс алып, бұл инновациялық жүйе қала тұрғындары үшін экологиялық қауіпсіздік пен қолайлы өмір сүру жағдайларын қамтамасыз етеді. Қазақстанның астанасы Smart Astana концепциясы еуропалық ақылды қалалардың моделін қолданады. Бұл модель 6 басты сипаттаманы қолданады: Ақылды экономика (smart economy), Ақылды басқару (smart governance), Ақылды өмір (smart living), Ақылды ұтқырлық (smart mobility), Ақылды адамдар (smart people) және Ақылды қоршаған орта (smart environment). Бұл сипаттамалар синергиясы «Ақылды қала» келбетін береді. Smart Astana келесі жобаларды қосады: 1) Smart Мектеп; 2) Smart Емхана; 3) Smart Tickets – Смарт Билеттер; 4) Smart Payments – Смарт Төлемдер; 5) Smart - Көше жарығы; 6) Интеллектуалды байланыс орталығы; 7) Open Wi-Fi/Wi-Fi Bus – Автобустағы тегін интернет жүйесі; 8) Тұрғындардың бірыңғай картасы; 9) Astainable [6, 12 б.].

Жобаның негізгі операторы ретінде «Astana Innovations» АҚ болып танылды. «100 нақты қадамның» 69-қадамына сәйкес, Астана ұлт алдында барлық аймақтардан зерттеушілерді, студенттерді, кәсіпкерлерді, туристтерді тартатын, Еуразияның іскер, мәдениет және ғылыми орталығына айналдыру бойынша міндет тұр.

«Smart Astana» концепциясы мемлекет тарапынан 2017 жылға дейін жүзеге асуы тиіс деп белгіленген, өйткені кең көлемді масштабта астана қаласында 2017 жылдың жазында «EXPO-2017» халықаралық көрмесі өткізілетіндіктен, еліміздің басты қаласының инфрақұрылымы осыған сәйкес дайын болуы тиіс. Концепция халық бұқарасы үшін қолжетімді әрі түсінікті болуы үшін мемлекет тарапынан теледидар бағдарламалары арқылы түсіндіру жұмыстары жүргізілді, сонымен қатар Интернет желісінде «Smart Astana – Ақылды қала» (<http://smart.astana.kz>) ресми сайты, сенсорлық ұялы телефондар мен гаджеттер үшін «Smart Astana» бағдарламасы пайда болып, Астана қаласы әкімдігінің мәліметтері бойынша бұл бағдарламаны 50 мыңға жуық қала тұрғыны жүктеген [7, 11 б.].

Smart Astana концепциясы аясында адамдардың қолайлы айналадағы ортаға құқығы көгалдандыру, оның ішінде халықтың демалысы мен бос уақытын өткізу мақсатында жасыл екпелерді және парктер мен саябақтар құру жолымен іске асуда. Астана қаласында көгалдандыру жұмысымен «Астана қаласының Сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесі айналысуда.

2014 жылдан бастап іске асырылып жатқан көгалдандыру сұлбасы қала маңы аймағын, қала аумақты, кіру магистральдерін көгалдандырумен айналысып, оның басты мақсаты ретінде Астана қаласының жасанды орман қорғау жасыл белдеуін табиғи Щучье-Бурабай және Алакөл табиғи саябақтарымен қосу және бірыңғай жасыл экожүйесін құру көзделген. Нәтижесі ретінде ауданы 1490 мың «жасыл дәліз» аумағы белгіленген. Қалада саябақтар, шағын бақтар, желекжолдар қалыптастыру жоспары бойынша қалалық саябақтардың жалпы ауданы 4,9 мың га құрайды [8].

Қаланың жалпы аумағы 71 000 га, оның ішінде құрылыс салу аумағы 34 000 га құраса, көгалдандыру аумағы 37 000 га (52%) құрауы тиіс («Астана қаласының Сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ ақпараты бойынша). Астана қаласының болашақ көгалдандыруы 52% десек, әлемдік қалалармен салыстырсақ, мысалы, Берлинде 30%, Киевте 16%, Парижде 10%-ды құрап отыр.

Жалпылама алғанда, «Астана-Зеленстрой» АҚ мәліметтері бойынша 2016 жылы Астана қаласын көгалдандыру мен Астана орманын қалыптастыру, есептеулер бойынша 9 парк пен 90-ға жуық саябақтар санын арттыру мақсатында мемлекет бюджетінен 4 млрд тенге бөлінген. 2016 жылдың екінші жартысында Астана қаласында саябақтарды қалыптастыратын 369 мыңнан аса ағаш екпелері бары белгілі болды. Сонымен қатар, тек 2016 жылы қала халқының тұрмыс жағдайларын жақсарту мақсатында 12 саябақтың жобалау-сметалық құжатнамасы әзірленіп, қала басқармасы Астана айналасында орман қалыптастыруды басты мақсат етіп қойды. Бүгінгі күні Астана қаласының «жасыл белдеуі» 15 мың гектарды құрап отыр.

Асет Исекешовтың басшылығымен Астана қаласының Сәулет және қала құрылысы кеңесінің шешімі бойынша 2017 жылы «Креативті жобалар» бағдарламасы аясында Астанада 17 жаңа парк пен саябақ салынуы жоспарлануда. Бұл жобалар жаңа жасыл стандарттарға сай болуы тиіс және отбасылардың демалу уақыттарын өткізуді қамтамасыз етеді. Алайда, бұл жоспарлардың барлығы қағаз жүзінде қалып қоймас үшін тыңғылықты реттеушілік механизм қажет.

Қолайлы айналадағы ортаны қалыптастыру мен адамдардың тұрмысы үшін жағдайлар жасау үшін келесі ұсыныстарды қарастыру жөн деп есптейміз:

- Іске асырылып отырған жобалар мен бөлінген қаражат ысырап болмауы үшін қаладағы бірнеше проблемаларды жою керек. Бұл анық проблемалар қолайлы айналадағы ортағы деген конституциялық құқықтың іске асырылуына кедергі. Мысалы, антропогендік ықпал – экологиялық дағдарысты тудырушы әрі қолайлы айналадағы ортаны қалыптастырудағы басты тежегіш. Антропогендік ықпал мәселесін шешу үшін, адамдардың табиғат объектілеріне ұқыпты және жауапкершілікпен қарауы үшін мемлекеттік реттеу механизмін одан әрі жетілдіру (мысалы, жауаптылықты көздейтін шараларды қатаңдату). Адамдардың экологиялық сауаттылық деңгейлерін арттыру қажеттілігі күн сайын артуда.

Осындай мәселемен кезінде Сингапурдың тұңғыш премьер-министрі Ли Куан Ю қатаң мемлекеттік бақылауды пайдалана отырып күрескен;

- Келесі мәселелердің бірі, массалық көгалдандыру жұмыстарын жүргізу, себебі территориялық жағынан жердің тарлығы мәселесі Қазақстан үшін емес. Сол себепті «жасыл» елге айналып, өзіндік экожүйе қалыптастырып, өз халқымыз үшін өзіміздің қолайлы айналадағы ортаны қалыптастыру мемлекет басымдығына айналса игі еді;

- Smart Astana тұжырымындағы 6 бағыт Ақылды қоршаған ортаның маңыздылығын ескере отырып, бағыт аясындағы жұмыстар санын арттыру;

- Сәулет және қала құрылысы саласындағы заңнаманың қолайлы айналадағы ортаны қалыптастыру аясындағы нормаларды қайта қарастыру («Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңның қаланың функционалдық аймақтары туралы жекелеген нормалар);

- Тұрғын үй құрылысы саласында құрылыс фирмаларының өз инфрақұрылымдық жобаларына тұрғын үй маңындағы аллеялар мен саябақтар орнату мәселелерін қарастыруы, себебі тұрғын үй маңындағы қолайлы тұрмыс ортасын, халық денсаулығын арттыру үшін жасыл екпелер саны әлі де аздықты құрайды;

- Халықтың өзінің конституциялық құқықтарын толықтай түсінуі үшін және экологиялық сауаттандыру мақсатында заңнамада түсініктемелердің алшақтағын дою керек. Мысалы, ҚР Конституциясында «қолайлы айналадағы орта» ұғымы қолданылса, ҚР Экологиялық Кодексында «қолайлы ұоршаған орта» ұғымы қолданыста (алайда, орыс тіліндегі заңнамада осы тектес проблема жоқ);

- Қолайлы айналадағы орта мен «жасыл» құрылыс бір-бірінің ажырамас бөліктеріне айналуы үшін инфрақұрылымды қалыптастыруда әлемдік стандарттарға жауап беретін заманауи экотехнологияларды қолдануды, инновациялық бағытты енгізуді одан әрі қарастыру.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. - Алматы: ЮРИСТ, 2014. -39 б.
2. Боголюбов С.А. Экологическое право. Учебник для вузов. – М.: Издательство НОРМА, 2001. – 448 б.
3. «Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы» Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 1948 жылы 10 желтоқсандағы Декларациясы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001>
4. «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қалаы құрылысы және құрылыс қызметі туралы» ҚР 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңы // [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000242\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000242_)
5. «Астана қаласының бас жоспары туралы» ҚР Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы Қаулысы // [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P010001064\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P010001064_)
6. Басаргина А. «Ақылды қаланың» жол картасы // «Astana Innovations» ақпараттық-сараптамалық журнал №4 (13) 2014. – 91 б.
7. Разработка дорожной карты для «Умных городов» // «SmartAstana» ақпараттық-сараптамалық журнал. - 2015 жылы, қазан. №1.- 96 б.
8. Зеленый пояс Астаны соединят с лесами Борового в 2017 году - Президент // <http://www.kazpravda.kz/multimedia/view>